

ИППОТЕРАПЕВТИК САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫН ЖОБАЛАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Акраева Ляззат Нурлыбекқызы, Ералы Эльмира Әнуарбекқызы

yeraly_ea@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Дизайн және инженерлік графика»
кафедрасы студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Дизайн және инженерлік графика»
кафедрасының аға оқытушысы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Жылқы – қазақ халқының өміріндегі аса ерекше жануарлардың бірі. Жылқыға байланысты көптеген нақыл сөздер, ырымдар бар, сонымен қатар жылқы жеті қазынанан бірі, қазақ өміріндегі аса үлкен орын алатын асыл жануар.

Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан мыңдаған поэтикалық жолдар жылқы малына арналған. Ол туралы көптеген әңгімелер айтылып, ол туралы ғылыми еңбектер де жазылған. Жылқының қазақ халқының өміріндегі алатын орны бөлек, олардың тарих, мәдениет, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрде кездесетін ерекшеліктері сан алуан.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы «Атқа міну мәдениеті» деген бөлімінде: «Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзінде Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстарында жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгені айтылған. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болған. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдесіз революцияға жол ашты» – деп, аталып кеткен [1].

Қазақтар жылқыны емдік жағынан өте жақсы қолдана білген, көптеген аңыз деркелерді алып қарайтын болсақ, ат үстіндегі жауынгердің жарасы тез жазылатын болған, қарт адамдардың қан қысымы орнына келіп, қан айналымы реттеліп, қуаттанатын болған. Еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін аттың құлағында ойнай білген.

Қазіргі таңда мемлекетіміздің өзі қазақи құндылықтар мен бизнестің дамуына ат салысып жүргені белгілі. Осы орайда жылқы малының көмегімен адаптивті атқа міну арқылы оңалту әдісі – иппотерапияны атап кеткен жөн. Иппотерапиялық сауықтыру орталығы жобасы қазіргі таңдағы проблема денсаулық саласын қарасырады. Бұл жоба үш бағытты: қазақи құндылықтар, бизнес және денсаулықты қатар қамтып, дамытуға бағытталған.

Жылқы таза тебін малы, басқа жануарларға қарағанда күтімі лайық ұйымдастырылса шығыны аз болып келеді. Жылқы жануары көптеген ауруларға шипа. Бұл тек қана физикалық тұрғыдан емес, сонымен қатар психологиялық жағынан да дәлелденген жайт, ал оның сүті адамның ішкі құрлысына ем екенін біз бәріміз де білеміз.

Қазіргі таңда экологияның бұзылуынан жас өспірім ұрпақтың денсаулығы нашарлауда, ал кез-келген екінші адам психологиялық тұрғыдан тұрақсыз болып келеді. Жылқы – бостандықтың бегісі, олай болса, денсаулығымыздағы кездесетін кей мәселелерді болмасын жылқы жануарының көмегімен босата аламыз деген сөз. Сондықтан, адамның айығып кетуіне мүмкіндік сыйлайтын иппотерапиялық орталық жобасын ұйымдастыру маңызды шешім бола алады.

Иппотерапиялық орталықтарда балалар мен ересектердің дамуындағы туа біткен немесе уақыт өте пайда болатын түрлі психоневрологиялық, эмоционалды-еріктілік бұзылулары емделеді екен. Жылқы малының көмегімен аталған ауыруларға түрлі терапиялық оңалту әдістері қолданылады. Бұл денсаулықты түзетудің өте тиімді әдістерінің бірі екені бүкіл әлемде де дәлелденген.

Иппотерапияның негізгі ерекшелігі баланың немесе ересек адамның психикалық және физикалық дағдыларына емдік әсердің жоғары тиімділігі мен даралығында. Сол себепті иппотерапияның тиімділігі екі негізгі факторға байланысты – биомеханикалық және эмоционалды. Биомеханикалық фактор бұл аттың ырғақты қозғалысы мен дене температурасының ересек адамның немесе баланың әр түрлі мүшелері мен жүйелеріне әсері, ал эмоционалды фактор – бұл адамның сезімтал саласына күшті әсер ету, бұл оның ерікті әлеуетін жұмылдыруға және оның көмегімен әсерлі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беру [2]. Иппотерапия эмоционалды фактор негізінен мықты әрі тиімді болып келеді. Бұл атты басқарудағы көп бағытты және өте күшті мотивациямен байланысты. Ол адамның жылқы малын сенімді, қорқынышсыз және толыққанды сезінуге деген ұмтылысы аясында пайда болады. Мұндай мотивациялық компонент ерік-жігерді жұмылдыруға әкеледі. Күшті ерік-жігермен адам қорқынышты ғана емес, қимылдарды да басады, бұйрықтарды айтып үйреніп өзін күнделікті жағдайға әлдеқайда жақсы дайындай алады. Жылқыға мінген адам әдемі әрі мықты жануарды басқаруға тырысып, бойындағы сенімді оятып, қимыл мен іс-әрекет жасауына талпына түседі.

Жылқы малының ежелден адам өмірінде маңызды рөл атқарғаны белгілі, соның ішінде қазақтар үшін бұл жануардың орыны бір бөлек. Сымбаты мен еркі, шаруашылықта пайдасы, еті мен сүтінен бөлек жылқы малы адамның денсаулығына оң әсер ететіні осы күнге дейін айтылып, зерттеліп, практикалық тұрғыдан шындық екені дәлелденіп келеді.

Ғылыми түрде жылқыда емдік қасиеттің бар екендігі ХІХ ғасырда батыста дәлелденіп, медицинада емдік қолданысқа енгізіле бастады. Алайда оның пайдасы жөнінде медицинаның негізін салушы Гиппократ айтып кеткен болатын. Медицинаның даму барысында жылқымен емдеу Еуропа, АҚШ, ТМД елдерінде кеңінен таралып, қолға алынып келеді. Бұл дегеніміз қазіргі таңда иппотерапияның алуан түрлі әдістері дамуда деген сөз, ал сұраныстың артуына байланысты мамандар да артуда, иппотерапиялық емді қолдануға келетін алаңдардың ашылуына да сұраныстың барын айтқан жөн. Иппотерапия барысында мамандардың болуымен қатар, жылқы тұқымдарының, әр адамға деген жекеше әдіс-тәсілдердің таңдалуы және адамның емделуге деген сенімі де үлкен рөл атқаратынын айта кету керек. Сенім мен үміт ол емделудегі ең бас факторлардың бірі болып табылады [3].

Иппотерапиялық сауықтыру орталығын жобалау барысында аталып өткен компоненттердің барлығын қарастырған маңызды. Шығармашылық ізденістің жалпы бағытын, нысанның функционалды мазмұнын анықтау жобалау кезінде нақты бейнені таңдауға негіз болады. Осылайша, жобаланған нысанның құрамы әр түрлі кеңістіктік шешімдерде оның күрделі функционалды мазмұнын көрсетеді. Сәулет-дизайн шешімінің функционалды және көркемдік мазмұны арасындағы түбегейлі айырмашылықты атап өткен жөн. Соңғысы сәулет және дизайн жұмысының кеңістіктік формасымен тығыз байланысты қалыптасқан орта мағынасының рухани жағын анықтайды. Композициялық мәселелерді шешу барысында мазмұнның функционалды қабылдауға сәйкестігін анықтау ғана емес, сонымен қатар функционалды және көркемдік мазмұнмен белгіленген кеңістікті құрудағы бірыңғай заңдылықтарды анықтау маңызды. Композициялық шешімдердің шарттылығы негізгі функцияны ұйымдастыру мәселелеріне ғана емес, сонымен қатар кеңістіктік ұйымға нақты талаптарды құрайтын жағдайлар мен шектеулерге де қатысты. Бұл жерде біз жобаны жүзеге асырудың техникалық құралдары, экономикалық негіздемелер мен санитарлық-гигиеналық талаптар туралы айтып отырмыз [4].

Иппотерапиялық парк – бұл жан-жақты ішкі байланыстарды, кеңістіктік ортаны өзара байланысты процестермен (спорттық, сауықтыру, бос уақытты өткізу секілді) және ілеспе техникалық функциялармен біріктіретін нысан. Заманауи жағдайда, адамдардың спорт пен табығатқа оң көзқараспен қарауларына байланысты бұндай орталықтарда көлік және жаяу жүргіншілер жағдайларын қатар ұйымдастыру қажет. Бұл аймақ іші ағынды қажеттілікке қарай бағыттауға көмектеседі. Мысалы, иппотерапиялық саябақ аумағында транзиттік көлік жолдарын кірістіруге болады. Өйткені, бұл жерде жылқыларды және олардың комфортты тіршілігін қамтамасыз ету үшін материалдарды тасымалдауда өте қажет; жаяу жүргіншілер

ағындары мен саябақтың барлық аймақтарын т.рлі деңгейде қадағалауға қажет; келушілердің және емделушілердің көп бөлігі атқа мінуге кедергі жасамауы үшін, сонымен қатар адамдардың мүдделерін әр түрлі жаяу жүргіншілер жолдарымен бөлісуі үшін қажет. Осының барлығы көпфункционалды орталықтың кеңістігін қалыптастыруда, жасыл белдеулер, көгалдар мен гүлзарлардың композицияларын қосқанда, сондай-ақ белсенді қызмет аймақтарын қалыптастырғанда үлкен маңызға ие.

Иппотерапевтік сауықтыру орталығын жобалаудағы ерекшеліктер жайлы айтатын болсақ, келесідей маңызды шарттарды ескерген жөн:

– орталық аумағында жануарларды күтіп-бағу мақсатында өндірістік және шаруашылық ауыз су қажеттіліктерін ұйымдастыру қажет, сол себепті су тасымалдау, сумен қамту құбырларын жабдықтаған жөн, яғни аймақ бойынша түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыратын ауыз сумен жабдықтау;

– ішкі және сыртқы ақылды өрт сөндіру жүйелерін жобалау, орталық аясын датчиктермен толықтыру, себебі орталық қызметкерлерімен қатар иппотерапиялық орталық ерекшелігіне сай жылқы малының қауіпсіздігі де өте маңызды;

– адамзаттың қазіргі заманғы басты проблемаларының біріне айналған – планетадағы жаһандық климаттың өзгеруі, сол себепті территорияда қиды жою, тасымалдау, өңдеу, залалсыздандыру, сақтау және кәдеге жарату жүйесін ұтымды пайдалану жүйесін жүргізу, сонда аумақта сақталатын жануарлардан күнделікті өндірілетін түрлі мөлшердегі қиды қауіпсіз пайдағажарату және ветеринариялық-санитарлық талаптарға жауап беру қамтылады.

Жоғарыда айтылып кеткен жағдай парниктік газдар мен атмосфералық шығындардың өсуі тәрізді жаһандық сұрақтарды жартылай шешуге жәнсауықтыру орталығының адамзат болашағына шын мәнінде жағымды мүмкіндіктер беріп, экология мәселелерін қатар алып жүруге бағытталған идея екенін айта кеткен жөн.

Сонымен, иппотерапевтік сауықтыру орталығын тікелей атқа міну мен ипподром мақсатында ұйымдастырмай, оның аумағында қонақ үй, емдік медициналық бағытта, саумал қымызбен қамту мақсатында да, табиғат аясында демалып саяхаттау мақсатында да жан-жақты бағыттауға болады. Мысалы, медициналық көмек көрсету аясын арнайы құрылған ғимараттарда, жылқымен емдеу әдісін арнайы жобаланған ашық алаңдарда немесе жабық кеңістіктерде жүргізу.

Қорыта келе айтатынымыз, иппотерапиялық орталықты ұйымдастыру арқылы, *атқа міну өнерін дамыту мен жанына шипа іздеген адамдарғасапалы көмек пен сауықтыру жұмыстарымен қатар, ұлттық тағамдар мен сусындарымызды дәріптеу тәрізді көптеген сапалы өмір сүру сұрақтарын шешуге болады.*

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Республика Казахстан. Законы. О частном предпринимательстве // Ведомости Парламента Республики Казахстан. – 2006. – №3. – С. 199-235.
2. Ахметова Г.С. Математический метод. – Алматы: Наука, 2003. – 216 с.
3. Иванова Р.С. Анализ финансового состояния предприятий // Вопросы экономики: Сборник научных трудов Института экономики. – Алматы, 2004. – №3. – С. 214-217.
4. Шимко В.Т. – Основы дизайна и средовое проектирование: Учебное пособие. – М.: Издательство «Архитектура-С», 2004. – 160 с.